

Ленин тұл

Қ(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 87 (7047) | Сәббі 5 май 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жөке саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

4-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Армия генералы ЕРЕМЕНКОҒА
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник САНДАЛОВҚА

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 3-майда лдардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын күшті тіректі інісі—ЦЕШИН қаласын алды.

ЦЕШИН қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГРЕЧКОНЫҢ, генерал-полковник МОСКАЛЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант БАТЮНЯНЫҢ, генерал-лейтенант ВОРОБЬЕВТЫҢ, генерал-лейтенант ГОРДЕЕВТЫҢ, генерал-лейтенант БОНДАВТИҢ, генерал-майор ШМЫГОНЫҢ, генерал-майор ЖУКОВТЫҢ, генерал-майор ЛОВЬЕВТЫҢ, генерал-майор БУШЕВТИҢ, полковник ШУБАНЫҢ, полковник ТЕНКОНЫҢ, полковник МАТУСЕВИЧТИҢ, генерал-майор ПАРХОМЕНКОНЫҢ, генерал-майор ГРИНЧЕНКОНЫҢ, генерал-майор КОЛДУБОВТЫҢ, полковник ТОМИЛОВИДИҢ, полковник ВАСИЛЬЕВТИҢ, полковник ГРЕЧКОСИДИҢ, полковник ГЕРВИЧТИҢ, полковник ЧЕРНЫЙДЫҢ, полковник КАВЕРИННИҢ, подполковник ЕЗНОВТЫҢ, полковник ДРЯХЛОВТЫҢ, полковник ГРЕДИНАРЕНКОНЫҢ, полковник ВЛАСОВТЫҢ, полковник КУПЦОВТЫҢ, полковник ВРУЦКИЙДИҢ, полковник ТОЯННЫҢ, полковник ВАСИЛЬЕВТИҢ, майор МАНУХОВТЫҢ әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты КАРИОФИЛЛИДИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ЖИРКУСТЫҢ, полковник ДАВЫДОВТЫҢ, полковник СМЕРНОВТЫҢ, полковник ОЗГОЛЬДИҢ, полковник ОХОТСКИЙДИҢ, полковник ШЕВЧЕНКОНЫҢ, полковник ЧУЧИНСКИЙДИҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты РЕЗОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры РАЙНИННИҢ, полковник ПАХОМОВИҢ, подполковник ВАСИЛЬЕВТИҢ, майор ШУРЫГИННИҢ, майор ЖИРНОВТЫҢ ишкілері; авиация генерал-лейтенанты ЖДАНОВТЫҢ, авиация генерал-майоры ОДОВТЫҢ, авиация генерал-майоры КОТЕЛЬНИКОВТЫҢ, авиация генерал-майоры ГОЛОВНЯНЫҢ, авиация генерал-майоры ЛАНКЕЕВТИҢ, полковник ЧУНТИҢ, полковник БУДИННИҢ, подполковник ШЕПЕЛЬСКИЙДИҢ, подполковник ХОЛОВТЫҢ, подполковник ЗОЛотовТЫҢ, майор МУРАШЕВТИҢ, майор МАРГОШИНИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры КОЛЕСНИКОВТЫҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ГОВОРОВТЫҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ГОРБАЧЕВТИҢ, техникалық әскерлердің генерал-майоры КУЗНЕЦОВИҢ, полковник ВОЛОДИННИҢ, полковник САВЕЛЬЕВТИҢ, майор ЩЕРБАКОВТЫҢ әскерлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры МАТВЕЕВТИҢ, полковник БЕНЧИКТИҢ, полковник ТАРУНИННИҢ, мемлекет хауіпсіздігінің подполковнигі КОТНИЙДИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ЦЕШИН қаласын алу ұрыстарында өте-мөтеге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 3-майда, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма екі еңбектен он екі дүркін артиллерия оғын атып, ЦЕШИН қаласын алған УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ЦЕШИНДИ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙ-

Бүгін большевиктік баспасөз күні
„Баспасөз күн сайын емес, сағат
сайын өсуге тиіс, ол біздің партиямыз
дың ең өткір, ең күшті құралы“ И. СТАЛИН

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, БАРТ, БАД ДОБЕРАН, НОЙБУКОВ, ВАРИН, ВИТТЕНБЕРГЕ қалаларын алды, сойтіп бүгін, 3-майда, ВИСМАР-ВИТТЕНБЕРГЕ бекіністі шеберінде бізбен одақтас ағылшын әскерлерімен қосылды.

Аталған қалаларды алу ұрыстарында генерал-полковник БАТОВТЫҢ, генерал-полковник ПОПОВТЫҢ, генерал-полковник ГРИШИННИҢ, генерал-майор ТЕТЕШКИННИҢ, генерал-лейтенант БОБНОВТЫҢ, генерал-лейтенант КИНОСЯННИҢ, генерал-лейтенант ДРАТВИННИҢ, генерал-лейтенант ЧАНЫШЕВТИҢ, генерал-лейтенант РЯБЫШЕВТИҢ, генерал-лейтенант АЛЕКСЕЕВТИҢ, генерал-лейтенант ЭРАС-ТОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЧУВАКОВТЫҢ, генерал-лейтенант СМЕРНОВТЫҢ, генерал-лейтенант ТЕРЕНТЬЕВТИҢ, полковник МУРАТОВТЫҢ, полковник КАЛАД-ЗЕНИҢ, генерал-майор СОЛОВЬЕВТИҢ, полковник ГОЛУБЕВТИҢ, полковник КАРПЕ-ЛЮКТИҢ, генерал-майор ТИМОФЕЕВТИҢ, генерал-майор КИРСАНОВТЫҢ, генерал-майор ДЖАНДЖАВАНЫҢ, генерал-майор БОРИСОВТЫҢ, генерал-майор СКОРО-БОГАТИННИҢ, генерал-майор ТЕРЕМОВТЫҢ, полковник ВЕЛИЧКОНЫҢ, полковник АФАНАСЬЕВТИҢ, генерал-майор ГРЕБЕННИКТИҢ, генерал-майор МАКАРОВТИҢ, полковник ВАРОХИНИҢ, полковник ШЕПЕЛЬДИҢ, полковник ЧЕТВЕРТУХИННИҢ, полковник ГОРИЧЕВТИҢ, генерал-майор ГУСЕВТИҢ, полковник ОГИЕНКОНЫҢ, генерал-майор СУПРУНОВТЫҢ, полковник МЕЛЬДЕР-ДИҢ, полковник ЕМЕЛЬЯНЕНКОНЫҢ, генерал-майор КРАСНОШТАНОВТЫҢ әскер-лері; генерал-лейтенант ОСЛИКОВСКИЙДИҢ, генерал-майор ЧЕПУРКИННИҢ, ге-нерал-майор БРИКЕЛЬДИҢ, генерал-майор КАЛЮЖНЫЙДИҢ атты әскерлері; артил-лерия генерал-полковнигі СОКОЛЬСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ДЕГ-ТЯРЕВТИҢ, артиллерия генерал-полковнигі БЕСКИННИҢ, артиллерия генерал-лейте-нанты МИХЕЛЬСОННЫҢ, артиллерия генерал-майоры РАЗИНЦЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ПЯДУСОВТЫҢ, полковник ЛЕОНОВТЫҢ, полковник ЗАХАРОВ-ТЫҢ, артиллерия генерал-майоры РОГОЗИННИҢ, артиллерия генерал-майоры КО-ЛЕСОВТЫҢ, полковник РЫБКИННИҢ, полковник ВАСИЛЕНКОНЫҢ, полковник МИ-ЛЕЕВТИҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ЧЕРНЯВ-СКИЙДИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПАНОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПАНФИЛОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ФИРСОВ-ТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ПЕТРУШИННИҢ, танк әскерлерінің ге-нерал-майоры НОВАКТИҢ, полковник ЮДИННИҢ, танк әскерлерінің генерал-майо-ры ШУЛЬГИННИҢ, подполковник ПЕТРОВТЫҢ, полковник КОНОВАЛОВТЫҢ, пол-ковник ИГОНИННИҢ, полковник ПАРАМОНОВТЫҢ, подполковник ЕГОРОВТЫҢ, пол-ковник УРВАНОВТЫҢ, подполковник КУЦТЫҢ, подполковник ДЯЧУКТИҢ, полков-ник ЛОМАКОВТЫҢ, полковник ГОРБЕНКОНЫҢ, подполковник РАЗИННИҢ, полковник ЮРЕВИЧТИҢ, подполковник РАЗУВАЛОВТЫҢ, подполковник ИГНАТОВТЫҢ, под-полковник ГАЙДАШКОНЫҢ, подполковник АРТАШИННИҢ, майор МАСКАПЕНКО-

Советтік Социалистік Республикалар Одағының
Халық Комиссарлары Советінде

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызын шығару туралы

Ел қорғау хажетіне қосымша қаржы жыйнау мақсатымен ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызы шығарылып, оның сомасы 25 миллиард сом, мерзімі 20 жыл болсын.
2. Қарыздың облигациялары және олар

дан түсетін кірістер, соның ішінде ұтыс-тар мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдардан босатылсын.

3. Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызын шығарудың ССР Одағы Финанс Халық Комиссариаты ұсынған шарттары бекітілсін.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі 1945
жылғы 4-майда бекіткен

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызының шығарылу шарттары

1. Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызы екі бөлімнен: ұтысты және процентті бөлімдерден құралады.

Қарыздың ұтысты бөлімі халық ара-сында таратылуға арналған. Қарыздың процентті бөлімі ауыл шаруашылық ар-гелдері мен бірлесіп жер өңдеу серіктік-тері арасында таратылады.

Ұтысты бөлімнің облигацияларының бү-кіл кірісі ұтыс түрінде, ал процентті бө-лімнің облигацияларының кірісі купон бойынша процентте төленеді.

1. ҰТЫСТЫ БӨЛІМ

2. Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызы-ның ұтысты бөлімінің жыйырма жылдық мерзімі 1945 жылғы 1-сентябрьден 1965 жылғы 1-сентябрге дейін болып белгі-ленеді.

3. Қарыздың ұтысты бөлімі разрядтар-ға бөлінеді, әрбір разрядта 100 миллион сом болады.

Әрбір разрядта 20000 серия болады. Әрбір разряд сериясының № 60001ден № 80000ға дейін номері болады.

сомдық облигациялардың бөлшегі болып табылады, бұлар жүз сомдық облигация-ға түскен ұтыстың тиісті үлесін (1/2, 1/4) алуға пұрсат береді.

Ескерту: 50 және 25 сомдық облига-циялар қарызға жазылған сомасы бойын-ша бұлардан гөрі кесегірек облигация бе-руге мүмкін болмаған реттерде қарызға жазылушылармен есеп айыру үшін ғана шығарылады.

6. Қарыздың ұтыс мөлшері жүз сом-дық облигацияға 50000, 25000, 10000, 5000, 1000, 500 және 200 сомдық болып белгіленеді, облигацияның өз бағасы (жүз сом) осының ішінде болады.

Қарыздың жыйырма жылдық мерзімі ішінде барлық облигациялардың 1/3 ұта-ды, облигациялардың қалған 2/3 бөлегіне олардың өз бағасы төленеді.

Ұтыс шыққан облигация өтеледі де, содан былайғы ұтыс тираждарынан шы-ғарылады.

7. Жыйырма жылдық мерзім ішінде ұтысты бөлім бойынша 40 ұтыс тиражы

Большевиктік баспасөз күні

Бүгін большевиктік баспасөз күні. Бұл мерекелі күнді неміс-фашист бас қыншыларға қарсы күресте Қызыл Армия ұлы жеңістерге жетіп, Германияның астанасы —Берлин үстінде жеңіс туып тіккен қуанышты жағдайда өткізіп отырмыз.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрес күндерінде совет баспасөзі шын мәнінде жауынгерлік құрал бола біліп, зор қызмет атқарды.

Баспасөзіміз өзінің соғыс кезіндегі жауапты міндеттерін аброймен орындап, қапыздер жауды талқандау ісінде ел еңбекшілерін қажырлы қайратпен еңбек істеуге жұмылдыра білді. Большевиктік баспасөз еңбекшілерді отаншылдық рухта тәрбиелеп, майдандағы батырлардың ерлік істерін ел ішіндегі еңбекшілерге, алғы қызметкерлерінің еңбектегі жанқиярлығын майдан жауынгерлеріне баяндап жеткізе білді.

Совет халқының алып күшін зұлым жау—неміс басқыншыларға қарсы күреске жұмылдыруда баспасөзіміз орасан зор еңбек сіңірді және ісіңіріп те отыр. Большевиктік баспасөз совет елі халықтарының мызғымас достығы мен бірлігін барған сайын нығайтуда ойдағыдай жұмыс істеп келеді.

Ленин—Сталин ғылымимен қаруланған большевиктік баспасөз Отан соғысы алдымызға қойған міндеттерді аброймен орындап, игілікті істің жаршысы, қалың бұхараны ұлы істерге жұмылдырушы болды. Баспасөзіміз кеменгер Сталиннің тарихи бұйрықтары мен нұсқауларын, үкметіміз бен партиямыздың қаулы-қарарларын бұхараға үнемі нәсіхаттап отырды.

Большевиктік баспасөз ел еңбекшілеріне кеменгер көсеміміздің нұсқауларын мүлтіксіз орындауға жұмылдыра білді. Сөйтіп соғыс күндерінде большевиктік баспасөздің бұхара алдындағы беделі өлшеусіз артты.

Гитлершіл Германияның тынысы біте-тің ақырғы сағаты жетті. Алайда зұлым жауды біржолата құрту үшін әлі де көп күш-қайрат жұмсау керек болады. Қазір бүкіл халқымыз өзінің барлық күшін осыған жұмылдырып отыр. Отан соғысының сарқылмас қазнасы Қазақстанның, оның ішінде біздің облыстың алдына орасан зор міндеттер қойылып отыр.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы республиканың шаруашылығын барған сайын өркендете беруде партия, совет және комсомол ұйымдарының алдына көп міндеттер қойды. КК(б)П Орталық Комитетінің бұл дауысын іс

жүзінде орындау—партия, совет және комсомол ұйымдарының айбынды міндеті. Облысымыздың колхоз, совхоздарында ең жауапты кезең—көктемгі егіс жұмыстары қызу қарқынмен өріс алды. Қазір барлық күш егісті дер кезінде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізуге жұмсау керек. Облыстық аудандық газеттер мен қабырға газеттерінің жұмысы осы талапқа сай жүргізілуге тиіс.

Облысымыздың маңдай алды адамдары қажырлы еңбек істеп, өнімді мол өндірудің, қаражатты үнемдеп, барлық күш-мүмкіншілікті өндірістік жұмысқа толық пайдаланудың үлгісін көрсетуде. Газеттеріміз осы алдыңғы қатарлылардың іс-тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырушы, тыл қызметкерлерін стахановша еңбек істеуге жұмылдырушы болуға тиіс.

Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілердің, оның ішінде жауынгерлердің үй-іштерінің тұрмыс хажетін өтеуге айрықша көңіл бөліп отыр. Еңбекшілердің мәдени тілегін өтеуге мемлекетіміз көп қаржы бөліп келеді. Бұл игілікті істе баспасөз орындары зор міндет атқара алады және атқарып та келеді.

«Сын түзелмей мін түзелмейді» дейді халық макалы. Газеттеріміз салақтыққа, жайбарақаттыққа, төрешілдікке қарсы батыл күрес жүргізіп, жұмыста болған кемшіліктерді жою ісінде партия, совет ұйымдарына үнемі көмектесіп отыруға тиіс. Газет сын, өзара сынды өрістетіп, мемлекеттік тәртіпті, еңбек тәртібін нығайту үшін күресуге міндетті.

Соғыс күндерінде облысымыздың баспа сөзі көп жұмыстар істеді. Алайда, өз міндетін шын мәнінде орындай алмай отырған аудандық газеттер де жоқ емес. Кейбір аудандық газеттер шаруашылықтың әр саласын толық қамтып жазбайды. Жұмыстағы елеулі кемшіліктерді дер кезінде батыл көрсете алмайды.

Газеттер алдыңғы қатарлы адамдардың іс-тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдырып, өзінің жұмысын неғұрлым жақсартуға, сөйтіп бүгінгі күннің талабына сай жұмыс істеуге тиіс. Газет қызметкерлері өзінің саяси-идеялық білім дәрежесін, тәжірибесі мен іскерлік қаблетін арттыра беруі керек.

Бүгін, баспасөз күні газет қызметкерлері өзінің барлық іскерлік қаблеті мен білімін халқымыздың барлық күшін жауды біржолата талқандау жолына жұмылдыруға серт береді. Қызыл Армияның тарихи ұлы жеңістерімен жігерленген баспасөз қызметкерлері халқымыздың игілігі үшін барлық күш-қайратын жұмсауға серт береді.

уақыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты **БЛАГОСЛОВОВТЫҢ**, инженерлік әскерлердің генерал-майоры **ВИТВИННИННІҢ**, инженерлік әскерлердің генерал-майоры **ШВЫДКОНЫҢ**, полковник **ТРЕТЬЯКОВТЫҢ**, полковник **ДОБЫЧИННИННІҢ**, полковник **ВИНЬКОВТЫҢ**, полковник **МИРОТВОРСКИЙДІҢ** саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты **БОРЗОВТЫҢ**, подполковник **ПРОЦЕРОВТЫҢ**, подполковник **ЮРКОВТЫҢ**, полковник **БОРИСОВТЫҢ**, байланыс әскерлерінің генерал-майоры **НОВАРЧУКТИҢ** байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне **БАРТ**, **БАД ДОБЕРАН**, **НОЙБУКОВ**, **ВАРИН**, **ВИТТЕНБЕРГЕ** қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түсінен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 3 майда 21 сағатта Отанымыздың астанасы **МОСКВА** жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған **2-БЕЛОРУС** майданының айбынды әскерлеріне отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Аталған қалаларды алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін **АЛҒЫС ЖАРИЯ-ЛАЙМЫН**.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 3 май. № 360.

Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы конференциясының кеңейтілген VIII мәжілісі

САН-ФРАНЦИСКО. 2 май. (ТАССтың арнаулы тілшісінен). Сан-Франциско конференциясының кеңейтілген VIII мәжілісі Тынық мұхит уақытымен 15 сағат 30 минутта (3 майда Москва уақытымен 1 сағат 30 минутта) В. М. Молотовтың бас қаруымен ашылды. Мәжілісте конференцияға тілек қоймақшы болған үш өкілдік тің председателдері сөз сөйледі.

Мәжілісті басқару үшін В. М. Молотов мінбеге шыққанда, конференцияға қатысушылар оны қол шапалақтап қарсы алды. В. М. Молотов жолдас конференцияның бас секретарі Хиссқа сөз берді. Ол конференцияның төрт комиссиясы өкілдерінің бүгін болған мәслихатының нәтижелері туралы есеп берді.

Мәлімдеме жасауды тілек еткен түрлі делегациялар өкілдерінің алдынала сөйлеген сөздерінің аяқталуына байланысты, Хисс, қазіргі уақытта конференцияның төрт комиссия мен 12 қосымша комиссия да жұмысқа кірісуіне болатындығын хабарлады. Бұдан кейін Хисс, комиссия

өкілдерінің бүгін таңертең болып өткен мәжілісінде жоспар жасап, жұмысқа кірісу үшін ертең қосымша комиссиялардың мүшелерімен бірге жыйылуға әрбір комиссия мүшелеріне ұсыныс жасалғандығын атап көрсетті. Мәжіліс Хисстың есебін мақұлдады.

Бұдан кейін Мексиканың сыртқы істер министрі Падилья, Повергияның сыртқы істер министрі Ли, Никарагуаның сыртқы істер министрі Аргуэльо Варгас, Панамаңың сыртқы істер министрі Хименес, Перудың сыртқы істер министрі Галлахер, Сирия өкілдерінің басшысы бас министр Фарис Эль Хури, Югославия өкілдерінің басшысы сыртқы істер министрі Шубашич сөз сөйледі.

Шубашичтің сөзі аяқталғаннан кейін, мәжілісті басқарушы В. М. Молотов жолдас кеңейтілген мәжілісте сөз сөйлемекші болған өкілдер басшыларының тізімі біткендігін мәлімдеді. 18 сағат 15 минутта (яғни 3 майда Москва уақытымен 4 сағат 115 минутта) мәжіліс аяқталды.

В. М. Молотов жолдастың Мэррея Ломбардо Толеданоны қабылдауы

САН-ФРАНЦИСКО. 2 май. (ТАССтың арнаулы тілшісінен). Бүгін В. М. Молотов жолдас АҚШтың өнеркәсіп кәсіпшілік одақтары конгрессінің председателі Мэр-

реяны қабылдады. Сол сыяқты В. М. Молотов жолдас Латың Америкасы еңбекшілер кофедерациясының басшысы Ломбардо Толеданоны жеке қабылдады.

Краковтың орталық көшесін Маршал Сталиннің есімімен атау туралы

ВАРШАВА, 2 май. (ТАСС). Краков қаласы Халық Кеңесі қаланың орталық

көшелерінің бірін Маршал Сталиннің есімімен атау туралы қаулы қабылдады.

месе екі жүз сомдық облигацияларынан құралады, бес немесе екі номері болады және бес немесе екі ұтыс алуға пұрсат береді, ұтыс облигацияда белгіленген номерлердің әрқайсысына бірден шығады. 50 және 25 сомдық облигациялар 100

де жылына 4 процент есебінен белгілі.

8. Әрбір ұтыс тиражында ұтыстың әрбір разрядына, яғни қарыз осы бөлімінің әрбір 100 миллион сомы мынадай ұтыс шығады:

Облигациялардың өз бағасын қосқанда сом есебімен ұтыстардың мөлшері	Ұтыстар саны				Барлық 40 тиражда әрбір 100 миллион қарызға шығатын ұтыстар жыйнағы
	1—10 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	11—20 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	21—30 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	31—40 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	
50.00 сом.	1	1	1	1	40
25.000 сом.	2	2	2	2	80
10.000 сом.	5	5	5	5	200
5.000 сом.	10	10	10	10	400
1.000 сом.	100	100	100	100	4.000
500 сом.	1.000	1.000	1.000	1.000	40.000
200 сом.	7.507	7.257	7.007	6.257	285.280
Әрбір тираждағы ұтыстың жалпы саны	8.625	8.375	8.125	7.875	330.000
Әр 1р тираждағы ұтыстың жалпы сомасы (сом есебімен)	2.301.400	2.251.400	2.201.400	2.151.400	89.056.000

9. Ұтысты бөлімнің ұтпаған облигацияларына 1950 жылғы 1 сентябрьден бастап қарыз мерзімінің аяқталуына дейінгі 15 жыл ішінде олардың өз бағасы төленеді (сатып алынады).

Қарыздың ұтысты бөлімінің әрбір 100 миллион сомынан жыл сайын: 1950 — 1955 жылдары—2500 мың сомнан, 1956—1960 жылдары—4200 мың сомнан, 1961—1965 жылдары—6200 мың сомнан сатып алынып отырылады.

Ұтысты бөлімнің 1950—1964 жылдары сатып алынуға тиісті облигациялары жыл сайын тиражы арқылы белгіленіп отырылады, өтеу тираждарын өткізу мерзімін ССР Одағы Финанс Халық Комиссарнаты белгілейді.

Өтеу тираждарында шықпаған облигациялар 1965 жылғы 1 сентябрьден бастап сатып алынады.

10. Ұтысты бөлімнің ұтыс шыққан облигацияларына, сол сыяқты өз бағасы бойынша сатылып алынуға тиісті облигацияларға 1966 жылғы 1 сентябрьге дейін ақша алуға болады: осы мерзім ішінде ақша алуға ұсынылмаған облигация күшін жояды және оған ақша төленбейді.

II. ПРОЦЕНТТІ БӨЛІМ

11.Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызының процентті бөлімінің жыйырма жылдық мерзімі 1946 жылғы 1 январьдан 1966 жылғы 1 январьға дейін болып белгіленеді.

12. Қарыздың процентті бөлімі разрядтарға бөлінеді, әрбір разрядында 100 миллион сомнан болады.

Әрбір разрядта 20000 серия болады. Әрбір разрядтың сериясында №60001ден № 80000ға дейін номері болады.

Әрбір сериядағы облигацияның № 1-ден № 50ге дейін номері болады.

13. Қарыздың процентті бөлімінің облигациялары 1000, 500 және 100 сомды болады.

1000 және 500 сомдық облигациялардың өздері тиісінше бір серияның әрқайсысы 100 сомдық 10 немесе 5 облигацияларынан құралады, он немесе бес номері болады және облигацияның барлық өз бағасынан процентті кіріс алуға пұрсат береді.

14. Процентті бөлімнің облигацияларына кіріс купон бойынша жылына бір рет 2 процент мөлшерінде төленіп отырылады, купондарға ақша төлеу мерзімі 1946 жылғы 1 январьдан бастап жыл сайын 1 январьда толып отырады.

15. Процентті бөлімнің облигациялар 1961 жылғы 1 январьдан бастап 6 жыл ішінде жыл сайын тең бөлініп сатып алынып отырылады.

1961—1965 жылдары сатылып алынуға тиіс облигациялар жыл сайын өтеу тираждарында белгіленіп отырылады, бұл тираждар әр жылдың 1 январьнан кешікпей өткізіледі.

Өтеу тиражында шыққан облигациялардың купондарының, соның ішінде тираж болған жылғы 1 январьда мерзімі толған купондардың да ақшасы төленеді. Ода кейінгі мерзімдердегі купондардың ақшасы төленбейді.

16. Процентті бөлімнің сатып алынуға тиісті облигацияларын, сол сыяқты ақша төлеу мерзімі толған купондарын ақша алу үшін 1967 жылғы 1 январьға дейін ұсынуға болады. Бұл мерзім өткеннен кейін ақша алуға ұсынылған облигациялар мен купондар күшін жояды және ақша төленбейді.

ССР Одағы Финанс Халық Комиссары А. ЗВЕРЕВ.

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызына барлық еңбекшілер тегіс жазылыңыздар!

Қазақ ССРның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, колхозшылары мен колхозшы әйелдері, совет интеллигенттері мен барлық еңбекшілері!

Қыубатты жолдастар!

Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совет интеллигенциясы, Қазақ ССРның барлық еңбекшілері!

Совет халқы гитлершіл Германияға қарсы 4 жылға жуық уақыттан бері ұлы Отан соғысын жүргізіп жатыр. Қызыл Армияның жауынгерлері осы уақыттың ішінде жауға қарсы күресте бүкіл әлем алдында шын мәнінде тарихи жеңістерге жетті, сөйтіп ол түпкілікті толық жеңіске жетуге таяу отыр.

Гитлершіл Германияның күні санаулы. Европада азаттық соғысын жүргізіп жатқан одақтас мемлекеттердің жеңімпаз армиялары герман әскерлерін талқандап, фашистік Германияның орталығында біздің әскерлерімізбен қосылды.

Айбынды совет әскерлері жыртық фашист үңгірінің астанасы—Берлин үстінде жеңіс туын тікті. Бірақ жау әлі толық тұншықтырылған жоқ. Ол табан тіресе және өлермендікпен қарсыласуда. Ол өзінің ең ақырғы күштерін ұрысқа шығарып, өзінің күйрейтін сағатын алыс тартуға өздерінің істеген қылмысы үшін кек алатын сағатты соқтырмауға тырысуда. Советтер Одағының халықтарына және бүкіл дүние жүзінің барлық бостанғы сүйгіш ұлттарына қарсы істеген жауыздығы үшін жауды әділетті және қарал жазадан еш нәрсе де, еш кім де сақтай алмайды.

«Біздің міндетіміз бен біздің борышымыз—деді Сталин жолдас өзінің Қызыл Армия мен одақтастарымыздың армияларына арнаған үндеуінде, — жауды біржолата тұншықтыру, оған еріксіз қаруын тастатып, сөзсіз тізе бүктіру. Біздің халық алдында және бүкіл бостандық сүйіш халықтар алдындағы бұл міндетін, ұл борышын Қызыл Армия ақырына дейін орындап шығады».

Советтер Одағының халықтарымен ұсықандық ынтымағы жарасқан біздің қазақ халқы да еліміздің барлық халықтарымен бірге қол ұстасып, фашист басшыларына қарсы азаттық күресін жүргізуде. Қазақстан өзінің таңдаулы ұлдары мен қыздарын майданға аттандырдылар. 28 панфиловшы батырлардың қаны ең болмағанда өздерінің жауынгерлік тулағын мыңдаған километр бойы—Москва-

үкметі Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызын шығарды. Бұл—гитлершіл Германияны біржолата талқандау үшін, Отанымыздың соғыс-экономикалық күш-қуатын бұрынғыдан да нығайту үшін, қару-жарақ пен оқ-дәрі өндіруді арттыру, мұндайды, көмірді, металды көп шығару үшін, неміс-фашист жауыздар қыйратқан халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін шығарылып отырған қарыз.

Қазақстан еңбекшілері! Өзіміздің Отан алдындағы азаматтық борышымызды орындап шығайық. Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызына бәріміз бір кісідей түгел жазылайық! Гитлершіл Германияны біржолата талқандау сағатын жақындата түсейік.

Жұмысшылар, инженерлер мен техниктер! Қызыл Армияға көмегімізді еселеп күшейтейік, өзіміздің үш-төрт апталық табысымызды мемлекетке қарызға берейік.

Туысқан Қызыл Армия үшін танктерді, самолеттерді, зеңбіректерді, минометтерді, пүлеметтер мен винтовкаларды көп берейік!

Барлығы майдан үшін, барлығы жеңісіміз үшін!

Жаңа қарызды ойдағыдай таратып, фашист сойқаншылар қыйратқан совет қалалары мен селолары, өнеркәсіп пен транспортты, ауыл шаруашылығы мен мәдениет мекемелерін тезірек көркейтуді көмектесейік!

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Өздеріңіздің Отан алдындағы борышыңызды орындаңыздар! Барлығыңыз бір кісідей болып жаңа қарызға жазылыңыздар! Мемлекеттік Соғыс Қарызының облигацияларын қолма-қол қаржыға сатып алыңыздар, қарыз облигацияларының ақшаларын мерзімінен бұрын төлеңіздер, өздеріңіздің сақтық қорларыңызды қарызға беріңіздер, сөйтіп жауды біржолата жеңу сағатын жақындатыңыздар.

Майдан мен елімізге азық-түлікті, өнеркәсіпке шикізатты еселеп мол берейік!

Совет интеллигенциясы! Инженерлер, оқытушылар, агрономдар, дәрігерлер, совет мекемелерінің қызметшілері, ғылым, көркем өнер және әдебиет қызметкерлері, Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызының облигацияларын сатып алыңыздар!

Совет Хабаршы бюросынан 3 МАЙДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3 майда ПИЛЛАУ қаласы мен портының оңтүстік-батыс жағында 3-БЕЛОРУС майданының әскерлері ФРИШ НЕРУНГ мойнағын дұшпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, КАЛЬБЕРГ ЛИП КАЙЗЕРХОФ қыстақтарын алды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып, БАРТ, БАД ДОБЕРАН, НОЙБУКОВ, ВАРИН, ВИТТЕНБЕРГЕ қалаларын алды, сөйтіп 3 майда ВИСМАР-ВИТТЕНБЕРГЕ бекіністі шептерінде бізбен одақтас ағылшын әскерлерімен қосылды. Сол сыяқты майдан әскерлері КРЕПЕЛИН, НОЙКЛОСТЕ, БЮТЦОЗ, ГЮСТРОВ, ГОЛЬДБЕРГ, КАРОВ, МЕЙЕНБУРГ, ПУТЛИЦ, ПРИТЦВАЛЫК және ПЕРЛЕБЕРГ үлкен қыстақтарын алды.

2 майдағы ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 10600 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 328 самолет қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде 5-Штеттин округінің еріксіз еңбек істері жөніндегі қолбасшысы генерал-майор Мато бар.

БЕРЛИННІҢ солтүстік-батыс жағында 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, ВИЛЬСНАК, ГЛЕВЕН, ШТЮДЕНИЦ, НИТЦОВ, ВИЛЬГАСТ, ШТРОДЕНЕ, РИНОВ, ШПАТЦ, ХОЗН-НАУЕН үлкен қыстақтарын ұрыспен алды, сөйтіп ВИТТЕНБЕРГЕ қаласының оңтүстік-шығыс жағында ЗЛББА өзеніне жетті де бізбен одақтас америка әскерлерімен қосылды.

2 майда 21 сағаттан кейін БЕРЛИНДЕ майдан әскерлері немістердің тағы да 20 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді. Мұнымен қатар, госпитальдарда немістердің жаралы 10700 солдатты қолға түсірілді. 2 майда БЕРЛИНДЕ майдан әскерлері немістердің барлығы 100700 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде үкметтік әуе эскадрасының командирі генерал-лейтенант Баур, Берлин полициясының дөңгелік қызметінің бастығы дәрігерлік қызметінің генерал-майоры Врубель, полиция генерал-лейтенанты Раттенбург, Гейбельстің кеңсе басшысы Сайлер бар.

2 майда 1-УКРАИН майданының әскерлері БЕРЛИН ауданында немістердің 34 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 37 танк пен 140-тан аса дала зеңбірегін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде немістердің 236-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор Робен бар.

Сонымен, БЕРЛИН ауданында 2 майда немістердің барлығы 134 мың солдатты мен офицері қолға түсірілді, оның ішінде 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері жаудан 100 мың адам және 1-УКРАИН майданының әскерлері жаудан 34 мың адам қолға түсірді.

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 3 майда жолдардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—ЦЕШИН қаласын алды, сол сыяқты ВАЛЬТЕРСДОРФ, БУТОВИЦЕ, ФРИДЭК, КОРВИННА, ПОГВИЗДУВ, ГОЛЕСУВ, ЛЕШНА, МАНОВ үлкен қыстақтарын алды. 2 майдағы ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 1400ден аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері БРНО қаласының шығыс жағында шабуыл жасай отырып, ЛАЧНОВ ЗЛИН, ОСТРОКОВИЦЕ, ШЕЛЕСОВИЦЕ, РАТАЕ, КРЖЕНОВИЦЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 2 майда майдан әскерлері немістердің 1000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді. Чехословакия партизандары немістердің 16-танк дивизиясының командирі генерал-майор Мюллерді қолға түсіріп, оны біздің әскерлерімізге тапсырды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

2 майда барлық майдандарда немістердің 53 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды.

3-Белорус майданының әскерлері шабуылды дамытуда болды. Совет бөлімдері Росток және Варнемюнде қалаларын алып, немістердің Барт қаласы ауданындағы әскер тобының көрі шегінетін жолдарын кесіп тастады. Танкілеріміз бен жау әскерлеріміз жауға қауырт соққы беріп, жаудың қарсылығын жеңді, сөйтіп Балтық тараптарындағы жау әскерлерін талқандап, оларды қарсылауға мәжбүр етті.

1-Украин майданында майор Коровиннің басқаруындағы батальонның жауынгерлері мен офицерлерінің жыйынында старшина Ригин сөз сөйледі. Ол мынаны мәлімдеді: «Быйылғы жылы біз 1 майлы

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызына жазылмаған бірде-бір еңбекші қалмасын

Жеңіс қарызы

Қалың бұхараның совет қарыздарын таратуға белсене қатынасуы елімізде ең бір дәстүрлі іс болып алды. Совет қарыздары жыл сайын, әсіресе отан соғысы күндерінде зор беделге ие болды. Демек, отан соғысы күндерінде таратылған соғыс қарызының мөлшері соғысқа дейінгі мөлшерінен біржарым есе артты. Елімізде тек соғыс жылдарында 75 миллиард сомның соғыс қарыздары мен ақшалай-заттай лотереясы таратылды.

Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты облысымыздың еңбекшілері арасында да мемлекеттік қарыздарды тарату жұмысы зор өрлеумен өткізілуде. Егер соғыстан бұрын бір жылда облысымызда 12,2 миллион сомның қарызы таратылса, 1942 жылы бұл екі есе—24,5 миллион сом болып артты. 1943 жылы соғыс қарызының таратылуы 35,8 миллион сомға жетті. Ал, 1944 жылы 51,3 миллион сомның соғыс қарызы таратылып, соғысқа дейінгі мөлшерден 4 есе асып түсті. Мұнымен бірге, соғыс жылдарында облысымыздың еңбекшілері 26,3 миллион сомның ақшалай-заттай лотереясына жазылды.

Облыста соғыс қарызының табысты түрде мол таратылуы нәтижесінде облыстық бюджет арта түсті. Соғыс жылының ауыртпалығына байланысты заемнан түскен қаржының бір аз бөлігі ғана жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, барлық халықтың қарыздардан жергілікті бюджетке түскені 7,8 проценттен 17,1 процентке дейін артты.

Соғыс қарыздарын таратуда әсіресе колхозшы шаруалар тамаша үлгі көрсетті. 3 бесжылдықтың (төртінші) жылы шығарылуы қарызына жазылуда барлық соманың 20 проценті ғана колхозшылардың үлесі болса, үшінші соғыс қарызын таратуда олардың қосқан үлесі 45 процентке жетті.

Соғыс жылдарында маңдай алды колхозшылар нелер игілікті істер істеп келеді. Олар қарызға жазылған соманы қолма-қол төлеуге дағдыланды. 1942 жылы заемға жазылудың алғашқы он күні ішінде колхозшылар 1568 мың сомды, 1943 жылы 3268 мың сомды, 1944 жылы 5849 сомды қолма-қол төледі. 1944 жылы Совет ауданында алғашқы он күні ішінде барлық жазылған соманың 55,2 проценті қолма-қол жыйналып, төленді.

ауданындағы «Красная пушка» колхозының колхозшылары қарызға жазылған 41 мың сомды қолма-қол жыйнап, қассасына тапсырды. Совет ауданындағы «Тендік» колхозының колхозшылары да осындай игілікті іс істеді. Преснов ауданындағы «Пламя» колхозының мүшесі П. Ильин жолдас 10 мың сомның соғыс қарызына жазылып, дәл сол күні жыйнақ қассасына өткізді.

Алайда, облысымыздың барлық аудандары мен колхоздарында істің жәйі бір келкі болып отыр дей алмаймыз. Бірғалай жерлерде соғыс қарызына жазылған сомалар әлі күнге дейін толық жыйналып болмай отыр. Мәселен, Соколов ауданында ешбір ерекшелігі жоқ деуге болады. Мұнда соғыс қарызына жазылған сомалар толық жыйналмады. Мұны халық бұхарасы арасында ұйымдастыру жұмысының қататтанғымыз жүргізілгендігінен деп түсіну керек.

Мемлекеттік соғыс қарыздарын таратуда көмекші комиссиялар көрнекті жұмыстар істеп келеді. Облысымызда 1860 көмекші комиссия болса, оның 4 мың мүшесі бар. Көмекші комиссия қарыз сомасын жыйнауда және қарыз ұтыстарын төлеуде көп жұмыстар атқарды. Осының нәтижесінде тек ғана 1944 жылы 3248 мың сомның қарыз ұтысы төленді.

Жақында ССР Одағы Жоғарғы Советінің XI сессиясы болып, онда еліміздің 1945 жылғы мемлекеттік бюджеті бекітілді. Сессияда бекітілген бюджет жауаптылығын талқандауға және совет елінің соғыс-шаруашылық қуатын арттырып, нығайтуға бағытталған. Бұл бюджетте халық шаруашылығының басқарушыларын түсетін кіріспен бірге, совет қарыздарынан түсетін кіріс мөлшері де қарастырылған.

Еліміздің еңбекшілері қазіргі уақытта тарихи жеңістерге жетті. Батыр Қызыл Армия неміс шапқыншылығының ордасы—Берлин үстінде жеңіс туын тігіп, қазір Германияның алыс түпкірлерінде жойқын ұрыстар жүргізіп жатыр. Енді Гитлер Германиясының күні санаулы. Бұл қуанышты күндерде облыс еңбекшілерінің мемлекеттік төртінші соғыс қарызын таратуға белсене қатынасындығы таратылған соманы қолма-қол жыйнап, төлеуіне бағытталған.

жаңамай еңбек істеуде. Қазақ ССР-нің еңбекшілері май алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, жаңа табыстарға жетті, сөйтіп өз еңбегінің өнімін бұрынғыдан да арттырды, металды, оқ-дәріні, көмірді, мұнайды еселеп мол өндіретін болды.

Қарағандының кеншілері мен металшыларының, Ембі мұнайшыларының, өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің ғылым мен көркем өнер қайраткерлерінің еңбектегі тамаша ерлік істері жөнінде республикамыздың жер-жерлерінен күн сайын жаңа хабарлар түсін жатады.

Қазақстан еңбекшілері, қазақ халқы Қызыл Армияның даңқты жеңістерінде өздерінің үлесі аз емес екендігін және жауға жауған металда Қазақстан жерінде өндірілген және республикамыздың өнеркәсіп орындарында оқ-дәріге айналдырылған мыңдаған тонна қорғасын, мыс, сирек кездесетін металл бар екенін мақтанышпен айтады.

Қазақстандықтар өзінің Отан алдындағы отаншылдық борышын орындай отырып, соғыс күндерінде Отанымызды қорғау күшін нығайту ісінде тек қажырлы еңбек істеп ғана қойған жоқ, онымен бірге өздерінің еңбекпен жыйған қаржылары мен бағалы заттарын берді. Республикамыздың еңбекшілері танк колоннасы мен авиация эскадрилиясын жасауға 500 миллион сомдай қаржы, 200 миллион сомның бағалы затын мемлекетімізге тапсырды.

Алайда, істелген іспен тыну көшірілмес кіна болар еді. Қазір соғыстың аяқталар кезеңінде, жауды тұншықтыру үшін бұрынғыдан да артық күш жұмсау, бұрынғыдан да қажырлы қайратпен еңбек істеу, ұйымшылдық және жоғары большевиктік қырағылық талап етіледі. Қазақ ССР-нің даңқты 25 жылдығын табыспен қарсы алуға әзірлене отырып, қазақстандықтар өз мерекесінің хұрметіне, жаңа өндірістік табыстарға жету үшін, Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейту үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетті.

Бұл отаншылдық жігер еліміздің күшқуатының сарқылмас мол екендігін, совет адамдарының тамаша және қасиетті дәстүрін және олардың Отанымыз бен сүйікті Қызыл Армия алдындағы өздерінің қасиетті борышын ақырына дейін орындауға әзір екендігін ыспаттайды.

Қымбатты жолдастар! Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совет интеллигенциясы, Қазақстанның барлық еңбекшілері! 1945 жылғы 5 майда ССР Одағының

терді, жоғарғы дәрежелі оқу орындарын, клубтарды, кітапханаларды тез қалпына келтіру үшін өздеріңіздің қаржыларыңыз бен сақтық қорларыңызды мемлекетке қарызға беріңіздер.

Қазақстан әйелдері! Гитлершіл Германияны толық талқандау үшін әлі де көп қаржы керек.

Сіздердің ерлеріңіз, ұлдарыңыз бен ағаларыңыз өз өмірлері мен қасық қанын аямай Отан соғысы майдандарында жексұрын жауға қарсы күресуде. Сіздер жаңа қарызға ынтымақпен жазылу арқылы соғыстың аяқталуын, өздеріңіздің туысқан жауынгерлеріңізбен кездесетін қуанышты күнді жақындатасыздар.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, совет интеллигенциясының, Қазақстанның барлық еңбекшілерінің большевиктер партиясы мен совет үкметінің шақыруына Мемлекеттік Соғыс Қарызына жаппай жазылумен жауап беретіндігіне, сөйтіп совет Отанын өздерінің шын жүректен сүйетіндігін және неміс-фашист күлдігінен өздерін аман сақтап қалғаны үшін Қызыл Армияның тамаша жеңістерінің ұйымдастырушысы және дем берушісі ұлы Сталинге шексіз берілгендіктерін және шын жүректен алғыс айтатындықтарын тағы да бір рет салтанат ететіндігіне қатты сенеді.

Қазақстан еңбекшілері, жаңа қарыздың шығарылуына оған жаппай жазылып, оны тез аяқтаумен, облигацияларды қысқа мерзімде қолма-қол сатып алумен жауап беруге тиіс.

Қарыз облигациясын алмаған бірде-бір еңбекші қалмасын!

Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызына ойдағыдай және ынтымақпен жазылу арқылы жауды тезірек талқандап, ССР-нің соғыс-экономикалық қуатын бұрынғыдан да нығайта беру үшін біздің совет мемлекетіне қосымша қаржы берейік!

Барлығы майдан үшін! Барлық күш батыр Қызыл Армиямыз бен даңқты Қызыл Флотымызға көмекке жұмсалсын.

Сүйікті Отанымыз, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жасасын!

Советтер Одағы халықтарының мызғымас достығы жасасын!

Жеңімпаз Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Халықтардың Ұлы көсемі, Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы, туысқан Сталин жолдас жасасын!

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы.

4-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Чехословакияның Пешин қаласының іргелерінде дұшпан әскермендікпен қарсылық көрсетті. Немістер Пешинді өздерінің қорғанатын күшті тіпекті бекінісіне айналдырған болатын. Бірнеше қатар қазылған жер үйлер, темір бетон бекіністері және мина қойылған кеңбайтақ аландар қалаға солтүстік және шығыс жақтан қамап болды. Қаладағы тас үйлер мен завод корпустары айнала қорғану үшін жабдықталған. Дұшпан Пешин ауданында ірі күштерін топтандырып, оларды әлденеше рет қарсы атақарға шығарды. Гвардияшы бөліміміз жауға күшті соққы беріп, немістердің қарсылығын жеңді, сөйтіп қаланың көшелеріне үш жақтан басып кірді. Қолма-қол айқасқа айналған кескілескен ұрыста әскерлеріміз жаудың гарнизонын талқандап, төрт темір жол мен бірнеше тас жолдың торабы Пешин қаласын алды. Қаланың іргелерінде және оның көшелерінде жаудың көптеген өліктері қалды. Немістерден 42 зеңбірек, 140 пулемет, соғыс мүлкі қойған қоймалар, жанармай тиеген эшелон, ат тиеген 4 эшелон және басқа олжа қолға түсірілді.

* * *

Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының бөлімдері Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың 1 Майдағы Бұйрығын аса зор жігермен қарсы алды.

Германияның астанасы—Берлинді алған әскерлердің жыйыны ерекше зор өрлеумен өтті. 30 сәуірде Герман рейхстагінің үйін алған генерал-майор Шатилов пен гвардия полковник Негодиннің құрамаларындағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер мынаны мәлімдеді: «Сталиндік сәлем мен құттықтауды біз зор қуанышпен қарсы алдық. Сталин жолдастың 1 Майдағы Бұйрығында біз жөнінде де айтылған. Біз, басқа да совет бөлімдерімен бірге Берлин үстінде жеңіс туын тіктік». Қызыл әскер Буга былай деді: «Мен 1918 жылы Украинада немістерге қарсы шайқастым. Отан соғысы күндерінде Украина мен Сталинград түбінде тағы да немістерге қарсы соғыстым. Мен Берлинде болуды төрт жылдан бері арман еттім. Міне менің арманым орындалды».

Жаңа байланыс сымы орнатылмақ

Жақын арада Преснов аудандық байланыс бөлімі Пресновка селосынан Архангель селосына дейін телефон сымын орнатпақ. Бұл жаңа байланыс сымының ұзындығы 50 километр.

уынгерлік жаңа жеңістерге жігерлендіруде».

Советтер Одағының Батыры Никаноров жолдас былай деді: «Біз Берлиндеміз! Бұл жерден, Германия астанасынан Қызыл Армияның жауынгерлері Жоғарғы Бас қолбасшымыз Сталин жолдасқа шын жүректен құттықтау жіберуде. Жауынгерлер мен офицерлер майданды не керектің бәрімен үздіксіз жабдықтап келген және айбынды әскерлеріміз не болған жеңістерге мүмкіншілік туғызған совет тылшының қызметкерлеріне сәлем жолдауда».

2-Белорус майданында саясаттық бөлімнің бастығы болып полковник Поволоцкий қызмет істейтін құраманың бір бөліміндегі жауынгерлер мен офицерлердің жыйынында танк жүргізуші механик аға сержант Бережной сөз сөйледі. «Менің танкім,—деді ол,—неміс жерінде қазірдің өзінде жүздеген километр жер жүрді. Көптеген гитлершілдер мен жаудың техникасын жойды. Қазір гитлершіл Германияға ақырғы тіке шабуыл жүргізіліп жатыр. Жексұрын жауды біржолата тұншықтырғанға дейін тыным алмаймыз. Біз совет жауынгері деген зор атақты барлық жерде аброймен ақтаймыз, қырағылықты ешүақытта бәсеңдетпейміз, өзіміздің Отан алдындағы борышымызды бірде-бір минут естен шығармаймыз деп Жоғарғы Бас қолбасшымызға серт береміз».

3-Украин майданында полковник Селивановтың бөлімшесіндегі жауынгерлер мен офицерлердің жыйынында автоматшы Глухов сөз сөйледі. Ол былай деді: «Біз қызыл күндерді бастан өткіздік. Біз Донда немістердің екілене жасаған атақаларын тойтардық. Еділ қамалы—Сталинградты қорғадық. Туысқан Москва мен даңқты Ленин қаласына неміс шапқыншылар хауіп төндірген күндер де болды. Алайда Қызыл Армияның жауынгерлері мен бүкіл совет халқы ешүақытта мойымады. Мереке күні бізде де болатындығын, Сталин жолдастың бізді жеңіске жеткізетіндігін жақсы білдік. Қызыл Армия Берлин үстінде жеңіс туын тікті. Совет халқы ұлы қуанышты күндерді бастан өткізуде. Біз сталиндік бұйрықты аброймен және өте қысқа мерзімде орындап шығамыз деп ант етеміз. Фашист аюанды біржолата тұншықтырамыз».

Жаңа телефон сымы арқылы Аудан орталығымен Баян МТС және Рождественка селосы байланыс жасайды.

З. БЕКЕНОВ.

Соғыс Қарызын асқан ұйымшылдықпен қарсы алып, оған ірі сомға жазылуда. Соғыс Қарызына жазылудың алғашқы күнінде колхозшылар арасында 1 миллион 100 мың сомның қарызы таратылып, оның 475 мың сомы қолма-қол жыйналды. Жұмысшылар мен қызметкерлер 730 мың сомның ұтыс қарызына жазылды.

Ұтыс қарызына жазылуда Аманкелді атындағы, «Көктерек», «Жаңа қоныс» және «Маңғұл» колхоздарының мүшелері зор белсенділік көрсетті. Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері 34 мың сом-

ның сомын жыйнақ кассасына тапсырып, «Көктерек» колхозының мүшелері 20 мың сомның қарыз облигациясын қолма-қол ақшаға сатып алды.

Төртінші Соғыс Қарызын тарату ісі «Қызыл ағаш» колхозында да табысты өтті. Бұл колхоздың мүшелері 20 мың сомның қарызына жазылып, жазылу сомасын түгелдей жыйнады. Майданның Қу сайынов жолдас 5 мың сомға, Мұқанов жолдас 4 мың сомға жазылып, ақшалайын жыйнақ кассасына қолма-қол өткізді.

З. ҚУДАЙБЕРГЕНОВ.

ҚК(б)П обкомінің өкілі.

Колхозшылардың отаншылдығы

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың 1 Майдағы бұйрығымен жігерленген Ленин ауданындағы «Қаратап» колхозының мүшелері үкметіміздің Мемлекеттік Төртінші Соғыс қарызын—жеңіс қарызын шығару туралы қаулысын ерекше зор өрлеумен қарсы алды. Қарызға жазылу колхозшылардың ынтымағын майдан үшін, Қызыл Армияның жауды біржолата тұншықтыруына көмектесу үшін ешнәрсесін аямайтынын тағы да айқын көрсетті.

—Жаңа ұтыс қарызының шығуын біз асыға күткен едік,—деді колхоз председателі Кәдірбаев жолдас. Өйткені ұтыс қарызына берілген қаржы жауды тез тұншықтыруға, фашист қарақшылардан азат етілген аудандардағы қалалар мен селоларды қалпына келтіруге жұмсалатынын біз жақсы білеміз. Сондықтан да мен 3000 сомның ұтыс қарызына жазылып, ақшасын қолма-қол төлеймін.

ЖЕҢІС ҚОРЫНА

«Союзготтранстың» Петропавлдағы автомобиль отрядының машинашылары Мемлекеттік Төртінші Соғыс Қарызының шығарылуын зор қуанышпен қарсы алды. Төртінші Соғыс Қарызының шығарылуы туралы хабарды радио арқылы естісімен-ақ машинашылар қарызға белсенділікпен жазыла бастады.

Машинашы Әлімқожин жолдастың айлық еңбек ақысы 500 сом еді. Ол соғыс қарызының шығарылуына байланысты болған жыйында жеңіс үшін ешнәрсесін аямайтындығын білдіріп, 1500 сомның соғыс қарызына жазылды. Машинашы Васильев жолдас 2500 сомның ұтыс қарызына жазылып, мемлекетке берген бұл қарызын еліміздің күш-қуатын арттыратуға, батыр Қызыл Армиямыздың жауды біржолата жеңуіне жұмсалатын болсын,—деді.

Бұдан соң колхозшы Қожаев жолдас сөз алып сөйледі.

—Туысқан жауынгерлеріміздің жауды тез тұншықтыруына көмектесу мақсатымен 2000 сомның облигациясын қолма-қол ақшаға сатып аламын,—деді ол.

Колхозшылар бұл үлгіні жаппай қолдап, бір күнде 12 мың сомның ұтыс қарызына жазылып, ақшасын қолма-қол жыйнақ кассасына өткізді. Колхозшы Күйіков, Елемесов, Алғожин, Салықов, Сатыбалдин және Қанғожин жолдастар соғыс қарызының облигациясын қолма-қол ақшаға сатып алуда ерекше үлгі көрсетті.

Төртінші соғыс қарызын таратудың алғашқы күні «Жарғайын» және Аманкелді атындағы колхоздарда да нәтижелі өтті. Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері 27 мың сомның, «Жарғайын» колхозының мүшелері 29 мың сомның облигациясын қолма-қол ақшаға сатып алды.

Е. МАЛАЕВ.

Бұлардан үлгі алған машинашылар көмекте үш айлық еңбек ақыларына жазылып, отаншылдықтың жарқын бейнесін көрсетті. Олардың ішінде машинашы Шацкий, Фалинчук, Меркушев, Давченко жолдастардың әрқайсысы 2000 сомның, Грамачиков жолдас 1500 сомның және Руденко жолдас 1000 сомның облигациясын сатып алмақшы болды. Автомобиль отряды машинашылары бір күнде 36 мың сомның жеңіс қарызына жазылды.

Жеңіс қарызына жазылу қызу жүргізіліп жатыр.

Е. ОСТРОУМОВ,

Автомобиль жөндеу жөніндегі инженер.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.